

Сабақ жоспары

Пән: Психология.

Курс: 1 курс «Педагогика және психология»

Сабақтың түрі: Дәріс, ашық сабақ.

Сабақта қолданылатын әдістер:

- 1) Блум таксаномиясы.
- 2) Жеке, жұптасып, топпен жұмыс.
- 3) Мәтінмен жұмыс.

Тақырыбы: Темперамент.

Тақырып бойынша қаралатын бөлімдері:

- 1) Темпераменттің теориялары.
- 2) Қазіргі классикалық темпераменттің типтері.
- 3) Темперамент типтерін анықтау.

Түйінді идея: Темпераменттің типтерін терең біле отырып, оны өмірде тиімді қолдануға болады.

Алдыңғы білім: Психикалық таным үрдістерін біледі.

Сабақтың мақсаты: Темпераменттің типтерін ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып білу және анықтай алу.

Табыс криттерилері:

Барлық студенттер үшін	Көпшілік студенттер үшін	Жекелеген студенттер үшін
Темпераменттің типтерін білу	Темпераменттің типтерін өз бойында анықтай алу	Темперамент типтерінің мінез –құлық ерекшеліктерінен ажырата алады. Темперамент типтерін анықтауға әдістемелер жүргізуі.
0,5 балл	1 балл	1,5 балл

Сабақтың құрылымы:

Ұйымдастыру кезең: Амандасу, түгендеу, топқа біріктіру. (5 минут)

Сабақ барысы: Темпераменттің типтеріне суреттерді 6 бөлікке бөліп, оны студенттерге алдыртып, суреттің келбетін құрастыру, осы құрастыру бойынша топқа біріктіру. Топқа біріктірілген соң мәтін тарқатылады, осы мәтін бойынша студенттер жұмыс жасайды. Алдымен өздері, сосын жұптасып, ары топта талқылап постерге түсіріп, қорғайды. Оқуға (5 минут), жұптасып талқылауға (10 минут), қорғауға (10 минут).

Мәтінді қорытындылау үшін венн диаграмасын сызамыз, ғалымдардың темперамент типтеріне берілген анықтамалары бойынша ұқсастықтарын және ерекшеліктерін жазамыз.(10 минут)

Классикалық темперамент типтерін құрастырушы ғалымдар кімдер, қазіргі кезде қандай типтерін қолданамыз? Сұрағы студенттерге қойылады. Студенттер жауап беріп болған соң топқа біріктірілген суреттер темпераменттің қай типіне жататынын анықтап, сипаттама береді.(3 минут)

Сабақты қорытындылау және бағалау. Кестені толтырып, студенттер ауызша рефлексия береді.(7 минут)

«Білемін, білдім, білгім келеді» кестесі.

Оқу материалы(ақпарат, ұғым, түсінік,құбылыс, теорема,т.б)	Бұрыннан білемін	Бүгінгі сабақта білдім	Тағыдабілгім келеді

Семинар сабағына тапсырма:

1. Айзенг тесті бойынша өз темперамент типтерін анықтап келу.
2. Сабақта қаралмаған ғалымдардың теорияларын қарастырып, конспект жазып келу.
3. Рефлексиялық эссе жазу:
 - Алдымен біз былай деп ойладық.....
 - Одан кейін біз мына проблемаға тап болдық.....
 - Проблеманы шешу үшін біз.....жасадық.
 - Бұдан біз.....көрдік.
 - Демек, бұл мынаны білдіреді.....
 - Сонымен біз.....деген шешімге келдік.







